«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

15.03.18. №02-09/573

«Сары-Жайлау» ЖШС
директоры
Ө.Әбдірге
Қарағандинская облысы,
Жезказган қаласы, Жамбыла 39.
тел: +7(775)400-50-00

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)*, Сіздің «Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-нің *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан № 2195701-1 «Құрық селосының қолданыстағы және жаңа салынған шағынаудандарына селоішілік кәріз желілерін салу» жұмысын сатып алу жөніндегі электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекттік сатып алуына қатысты жазған 26.02.2018 жылғы №4457 санды шағымыңызға келесіні хабарлайды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 9-бабының 6-тармағына сәйкес, жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) тартуды көздейтін әлеуетті өнім беруші жұмыстарға не көрсетілетін қызметтерге тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) осы баптың 1-тармағында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға тиіс құжаттарды ұсынатындығы көзделген.

Сәйкесінше, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының 155-тармағында Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде ***жұмыс тәжірибесі болған жағдайда***, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының ***әрбір жылы үшін***, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша ***бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді***. Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде ***біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді делінген.***

Сонымен қатар, Егер конкурстың нысанасы жаңа құрылыс болып табылған жағдайда жаңа объектілер құрылысының жұмыс тәжірибесі ғана ескеріледі.

Инженерлік желілер мен автомобиль жолдарын реконструкциялау бойынша жұмыс тәжірибесі инженерлік желілер мен автомобиль жолдарын реконструкциялаудың жаңа құрылысы кезінде ескерілетіні көрсетілген.

Камералдық бақылау нәтижесінде, 22.02.2018 жылғы қорытындысы туралы хаттамаға сәйкес, комиссия мүшелері тарапынан «Сары-Жайлау» ЖШС-нің шартты жеңілдік бағасын 9 % деп дұрыс есептемегені анықталды.

Алайда, тиісті есептелу керек шартты жеңілдік бағасы **11,2 %** болу керектігі анықталды.

Сонымен қатар, «Ас Құрылыс» ЖШС-нің шартты жеңілдік бағасын камералдық тексеру барысында келесідей шартты жеңілдік бағасын есептеу кезінде комиссия мүшелері тарапынан негізсіз **0,8 %** шартты жеңілдік артық берілгені анықталды.

Сондай-ақ, Заңның 9-бабының 3-тармағын, әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынатындығы көзделген.

Сонымен қатар, қағиданың 150-тармағында, конкурстық құжаттаманың 5, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбаған жағдайда, конкурсқа қатысуға жібермейтіні көрсетілген.

Аталған қағиданың 5-қосымашасының 2-бөлімінде шарттың құны, теңге деп көрсетілетіні нақты көрсетілген.

Алайда, «Сары-Жайлау» ЖШС-нің конкурсқа қатысуға табыс еткен біліктілік туралы мәліметінде шарттың құны көрсетілмегені анықталды.

Осыған орай, «Сары-Жайлау» ЖШС-нің конкурстық комиссия мүшелерінің тарапынан негізсіз конкурсқа қатсуға жібергені анықталды.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-баптарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Тебериков Ж.
тел: 8 7292 31-90-92.